

Оразғали Қабиұлы 90 жаста

1929 жылы облысымыздың Қазталов ауданындағы Ақпәтер ауылында дүниеге келген Оразғали Қабиұлы жеті жылдық ауыл мектебінде үздік оқығандықтан, аудан орталығындағы педагогикалық училищеге емтихансыз қабылданады. Оқу орны қалаға көшіріліп, 1946 жылы білімін аудандағы орта мектепте жалғастырады. 1948 жылы сол кездегі С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология-топырақтану факультетіне оқуға түседі. Алатау баурайынан елге оралған 1953-1965 жылдары ауылда, кейін облыстың бірнеше ауданында биология-химия пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1964 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталып, ұстаздық еңбегі жемісін береді. 1965-1967 жылғы облыстық оқу бөлімінің инспекторлығынан педагогикалық институттың оқытушысы қызметіне ауысады. 1970 жылы қайтадан Алматыға барып, қазіргі Қазақ ұлттық университетінің органикалық химия кафедрасына аспирант болып қабылданады. 1974 жылы химия ғылымдарының кан-



дидаты ғылыми дәрежесін сәтті қорғап, Оралға аға оқытушы ретінде оралады.

1976 жылдың сәуірінде Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының «Химия» кафедрасына меңгеруші болып тағайындалып, 1990 жылы зейнет жасына жеткенше еңбек етті. Осы жылдар аралығында «Агрономия», «Биотехноло-

гия және ветеринарлық медицина» факультеттерінде органикалық химия, жалпы химия пәндерінен сабақ берді. Студенттермен тез тіл табысып, олардың сүйікті оқытушысына айналды. Кафедра басшысы болумен бірге беделді қызметкер, білікті маман, адал дос бола білді.

О.Қ. Кабиев – абыройлы шаңырақтың иесі, қамқор әке және әулетінің ақылшысы. Қай салада қызмет атқарса да еңбексүйгіштігімен, қарапайымдылығымен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Іскерлілігі, әділдігі, табандылығының арқасында шәкірттері мен әріптестерінің арасында ерекше құрметке ие болды. Ғибратты ғұмыр иесін мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, шаттыққа толы ұзақ өмір тілейміз! Тәжірибелі маманның табысқа толы еңбек жолы жастарға үлгі болады деп сенеміз!

Еліне білім нұрын шашқан,
Саланы тандамай басқа, бөтен.
Бойына қыдыр қонған ғалым ұстаз,
Ақпәтерде дүние есігін ашқан екен.
Үміті болашаққа жалғанады,
Кетеді дала-қырды шарлап әні.
Көңілі мұғалімге ауып бекем,

Өмірі химияға арналады.
Жауаппен қарай білген әр ісіне,
Білімнің жете бойлап мәнісіне.
Жасынан жігерімен танылады,
Қазағының жасы мен кәрісіне.
Көкірікте қалдырмайық дертті өлең,
Кезіміз жоқ тағдыр қылын шертпеген.
Ұлы жолда академикпен бірігіп,
Фурфурил қосылысын синтездеген.
Жаудан жігер алғанда күрес – дастан,
Дамуына химияның үлес қосқан.
Көпшілікке есімі сіңіп кеткен,
Даңқымен ғалымның тірегі – аспан.
Қазағының бағын да жандырады,
Әр ісінің мәнісін оң қылады.
Бес күндік жалғанда оза шауып,
Жетпіске жуық еңбек қалдырады.
Биіктігін заманның оты үрлейді,
Жаксылардың өмірде аты өлмейді.
Халқымыздың жадынан орын теуіп,
Ұстазымның ешқашан хаты өлмейді.

М.Ж. АЛМАГАМБЕТОВА,
Мұнай, газ және химиялық инженерия жоғары мектебінің жетекшісі,
К.Х. АБИЛХАИРОВ,
«Білім беру ісінің құрметті қызметкері», доцент

Ғалым атындағы дәрісхана ашылды

30 қаңтар күні Жәңгір хан университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінде профессор Әскерғали Шамғонов атындағы аудиторияның ашылу салтанаты өтті. Бұл күні ғалым 79 жасқа толар еді.



Ғалым атындағы дәрісхананың ашылу салтанатына Әскерғали Шамғоновтың туған-туыстары мен достары, әріптестері мен шәкірттері қатысты. Дәрісхананы жабдықтауға үлес қосқан да – солар.

Әскерғали Шамғоновты – Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы

институтының (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) алғашқы түлектерінің бірі. Ол 1968 жылы ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп бойынша алғашқы 50 маманның қатарында болып, үздік дипломмен тәмамдаған.

Институтты бітіргеннен кейін Ә.Шамғонов білім алған ордасында қалып, университетте 50 жыл, ғұмырының соңына дейін, қызмет етті. Мемлекет пен өңір экономикасының дамуына үлес қосты.

Профессор Ә.Шамғоновтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық және магистрлік диссертациялар, 350-ге жуық дипломдық жұмыс қорғалды. Әскерғали Шамғоновты – экономикалық және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша 100-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің авторы.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрмет грамоталарымен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

